



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЦИКЛДАР

ЖОСПАР:

- **Экономикалық циклдар**
- **Экономикалық цикл типтері**
- **Қысқа мерзімді экономикалық цикл**
- **Орта мерзімді экономикалық цикл**
- **Ұзақ мерзімді экономикалық цикл**



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЦИКЛ

Экономикалық цикл- жұмысбастылық, өндіріс және инфляция деңгейлерінің мерзімдік ауытқулары. Экономикалық цикл – бұл дағдарыстар арасындағы мерзім және осы кезде оның төрт фазасы ауысады.

Дағдарыс тауарлардың артық өндірілуі, несиенің азаюы және процентінің жоғарылауы арқылы көрінеді.



Экономикалық құбылыстарды қайталауға бейім тұратын нарықтың ерекшеліктерін өткен ғасырдың бірінші жартысындағы өмір сүріп еңбек еткен экономистер байқаған сонымен қатар XIX және XX ғасырларда жетекші экономистердің бірде-бірі бұл мәселеге тоқталмай өте алмады

Олардың еңбектерінен циклдық дамудың байланыстылығы, экономикалық процестерге әсерін мойындаған, циклдық дамудың себептерін анықтауға ұмтылған әр түрлі пайымдауларды, түсіндірулер мен болжамдарды кездестіруге болады.



Нарық жағдайында өндіріс қозғалысының циклдық себептеріне экономикалық теорияда қалыптасқан бірнеше теориялық бағыттар бар.



Дж.Китчиннің
қысқа
толқындары

К.Жуглярдың
«орташа
толқындары»

Кузнецтің
циклдары



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЦИКЛ ТИПТЕРІ



Н.Д.Кондратьевтің
«ұзын
толқындары»

Форрестердің
циклдары

Тоффлердің
циклдары





ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЦИКЛ



Дж.Китчиннің қысқа
толқындары

Ұзақтығы
2-4 жыл

Ерекшеліктері:
Алтынның әлемдік
қорының тербелісі ЖҰӨ-
нің, инфляцияның,
жұмысбастылықтың
тербелісіне әкеледі.



Китчин тауарлық запастар
қозғалысындағы қаржы шоттары мен
сату бағасын таладу негізінде, өзінің
назарын, ұзындығы 2-ден 4 жылға дейін
болатын, қысқа толқындарды зерттеуге
аударған.





ОРТА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЦИКЛ



К.Жуглярдың «орташа
толқындары»

Ұзақтығы:
10 жыл

Ерекшеліктері:
Ақша айналысындағы
өзгерістер, кредиттік жүйенің
мәселелері ЖҰӨ-нің тербелісіне
инфляцияға, жұмыссыздыққа
әкеледі.

Жуглярдың циклдердің ұзақтығы 7 – 12 жыл, осы циклдің басқаша аттары бизнес-цикл, өнеркәсіптік цикл, орташа цикл. Бірінші өнеркәсіптік цикл 1825 жылы Англияда болды. Осы кезде машиналық өндіріс металлургияда, машина жасауда және басқа жетекші салаларда билік жүргізуге кіріскен болатын. 1847 – 1848 жылдардағы дағдарыс АҚШ—та басталған, соңынан бірнеше Еуропалық елдерге тараған. осы дағдарысты мән жағынан қарағанда өнеркәсіптік цикл деп атауға болады.



Ұзақ мерзімді экономикалық цикл

Кузнецтің циклдары

**Ұзақтығы:
18-25 жыл**

**Ерекшеліктері:
Экономикалық циклдардың
себептері күрделі
құрылыспен байланысты**

1946 ж. С. Кузнец «Ұлттық табыс» деген еңбегінде мынадай қорытындыға келді: ұлттық табыстың, тұтынушылық шығындардың, өндірістік жабдықтарға сол сияқты ғимараттарға, құрылыстарға жасалған жалпы инвестициялардың көрсеткіштері өзара байланысты жиырма жылдық ауытқулардың бар екенін айқындайды және құрылыста осы ауытқулардың амплитудасы салыстырмалы ең үлкен болады. 1955 жылы Кузнецтің еңбегіне баға беріліп, Кондратьевтің «ұзын толқындарынан» өзгеше құрылыстық циклді Кузнецтік цикл деп аталсын деген шешімге қабылданды.



Ұзақ мерзімді экономикалық цикл

Н.Д.Кондратьевтің
«ұзын толқындары»

Ұзақтығы:
40-60 жыл

Ерекшеліктері:
Басты қозғаушы күш –
технологиялық өндірістегі
технологиялық базаның
радикалды өзгеруі мен
оның құрылымдық қайта
құрылуы.



Ұзын толқындар теорисына орыс
ғалымы Н.Д.Кондратьевтің үлесі зор.
Өзінің еңбектерінде дамыған
елдердегі 1770 – 1926 жж. тауарлық
бағаларының индексінің, проценттің
мөлшерлемелерінің, рентаның,
жалақының, өнімнің маңызды
түрлерінің динамикасын зертеген.



Ұзақ мерзімді Экономикалық цикл

Кондратьев циклдың басталуын өндіріске жаңа технологияның жаппай енгізілуімен, әлемдік шаруашылыққа жаңа елдерді тартумен, алтын өндіру көлемінің өзгерістерімен байланыстырады. Осымен бірге өрлеудің жалпы көрінісі былай сипатталады: техникалық жаңартпалардың еңгізілуі инвестициялық процестің кеңеюімен қатар жүріп отырады, бұл өз кезегімен бағаның өсуіне ат салысатын, өндірісті және сұранысты ынталандырады. Осы кезеңде жұмыссыздық төмендейді, жалақы және еңбек өнімділігі өседі.

Бірінші – үлкен циклдің өрлеуін Кондратьев Англиядағы өнеркәсіптік төңкеріспен байланыстырады, екіншіні – темір жол көлігінің дамуымен, үшіншіні – электр қуатының, телефонның радионың енгізілуімен, төртіншіні – автомобиль өндірісімен.



Ұзақ мерзімді ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЦИКЛ

Форрестердің циклдары	200 жыл	Энергия қуаты мен материалдарға байланысты.
-----------------------	---------	---



Тоффлердің циклдары	1000-2000 ж.	Цивилизацияның дамуымен, олардың жоғалуымен немесе жаңа сатымен байланысты.
---------------------	--------------	---



Қазіргі кезде циклдық дамудың өзіндік ерекшеліктері бар. Олар екінші дүниежүзілік соғыстың, ғылыми –техникалық революцияның әсерінен және мемлекеттің экономикалық ролінің өсуімен және мемлекеттің экономикалық ролінің өсуімен туындаған. Экономикалық дағдарыстар тым жиіледі және тереңдей түсті, сонымен қатар депрессия фазасы ұзақтығының ұлғаюымен ерекшелінеді. Мұндай құбылыстар экономикалық дағдарыстар кезеңінде байқалады. Бұл құбылыстар көптеген индустриалды – дамыған елдердің экономикасын қамтыды.





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!!**

